


UZDİKUSITAZ



**БАЛАБЕК ӘСЕЛ НУРМАХАНҚИЗИ
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ, САРҚАН АУДАНЫ, КӨКТЕРЕК АУЫЛЫ
М.МӘМЕТОВА ОРТА МЕКТЕБІНІҢ
ХИМИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ, ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ**

Мазмұны

Бас редакторы: Даукенова Айдана Даукенқызы	<i>Килибаева М. Б.</i> Результаты дифференциации на уроках русского языка и литературы.....2
Редакция алқасы: Джангабаева Анар Султанбайқызы	<i>Сыздықова Қ.Ж.</i> Тарих сабағын дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығы.....5
Редакция мекен-жайы: Алматы қаласы Алмалы ауданы Абылай хан 105 Жазушылар одағы	<i>Шалатаева Г. С.</i> Математика пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану - сапалы білім негізі.....7
Редакция телефоны: e-mail: Uzdik_ustaz@mail.ru	<i>Абдикаликова Э.Б.</i> Бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу пәнінен оқытудың тиімді тәсілдерін қолдану үрдісі.....9
Куәлік Журнал Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті № KZ08VPY00031313- Ж куәлігі берілді. Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады.	<i>Муспенова Г.Т.</i> Информатиканы оқытуда мультимедиа технологиясы негізінде қолданбалы бағдарламаларды құру және пайдалану әдістемесі.....11
Теруге 05.01.2024ж берілді Басуға 05.01.2024ж қол қойылды Таралымы 1000 дана	<i>Қосалы Н.С.</i> Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінің заманауи оқытудағы орны.....14
Журнал UZDIK USTAZ баспаханасында басылды	<i>Камаладинова С.А.</i> Тарих сабағынан білім беру кезінде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі.....17
	<i>Сенбаева Л.С.</i> Биология сабағында жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мәселелері19
	<i>Тлегенова А. Б.</i> География сабағында қолданылатын белсенді және тиімді әдістер.....21
	<i>Сейталиева С.</i> Мектептегі психологиялық қызметтің маңызы және оны ұйымдастыру жолдары.....23
	<i>Мәдірова М. К.</i> Биология пәнін оқытудағы белсенді оқыту тәсілдердің тиімділігі..... 25
	<i>Ахметалиева Г.Д.</i> Қазіргі заманауи білім беру кеңістігінде психологиялық проблемалар.....28
	<i>Мерекеқызы Ә.</i> Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тәрбиенің маңыздылығы30
	<i>Қойшыбаева Ә.Т.</i> Математика сабағында ойын элементтерін пайдалану.....32
	<i>Султанова Н. К.</i> Активные методы обучения на уроках русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения.....33
	<i>Нуртуякова Ж.А.</i> Формирование навыков слушания и говорения на уроках русского языка в рамках обновления содержания образования.....36
	<i>Утемуратова Б.О.</i> Невербальные средства общения на уроках русского языка и литературы в условиях обновлённой программы обучения.....38
	<i>Султанғалиева А.Е.</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында акт технологиясын пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдері.....40
	<i>Сомова Лариса В.</i> Роль текста в развитии устной и письменной речи учащихся на уроках русского языка и литературы.....42
	<i>Жанатаева Н.А.</i> Новые подходы к обучению декоративно-прикладному искусству на уроках технологии.....44
	<i>Алтысбаева Л.К.</i> Информатикадан оқушылардың білімін бақылаудың қазіргі кездегі әдістері.....47



Шымкент қаласы

Терешикова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебі

Қосалы Нургұл Сүйіндікқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

XXI ғасыр жаңа технологиялар мен ақпарат дәуірі болғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі заман талабына сай жаңа міндеттермен бетпе-бет келеді. Оқытудың негізгі мақсаты - оқу мазмұнын жаңарту, сонымен қатар әр түрлі әдістер мен оқыту құралдарын қолдану тиімділігін арттыру. Білім саласындағы ең алдымен маңызды ілімнің бірі-тіл білімі. Тәуелсіз еліміздің басты мақсаты-өркениетті дамыған елу ел қатарына ену, ал өркениетке қол жеткізуде, жан-жақты дамыған, рухани ой-өріске бай тұлғаның, болашақ өскелең дарынды таланттардың қалыптасуының орны ерекше. Осы мақсатпен талмай ерен еңбек етіп бала тәрбиелеу мен оқытуда өшпес еңбектері мұра болып келе жатқан ұлы ағартушылардың бірі- Ыбырай Алтынсарин.

Мақаламның өзектілігі ретінде халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған зиялылар көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, ел игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен, XIX ғасырдың екінші жартысында шолпан жұлдыздай жарқырап әлем көгіне шыққан, ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлға-қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алған педагог, демократ Ыбырай Алтынсариннің қазіргі таңға дейінгі, болашақта да өшпес мұра үлгі тәрбие болатын педагогикалық мұрасының дәріптеу болып отыр.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин шығармасының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиган бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды.

Бір Аллаға сыйынып

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан , өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мін бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. [1.4]

Сиса көйлек үстінде,

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы,

Шоқуменен табылған,- деп педагогтік тәсіліменен балаға еңбек атаулыдан хабар аңғартады. Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында , тек осы мектептерде ғана деп жазған болатын. Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбекті сүйю, білімдіден үйрену , талпыну, адамды сыйлау үгіттеледі. [2.2]

Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту жұмысы

Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл-педагог, жана мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын прозашы, қазақ тарихының жаңашыры ретінде кеңінен мәлім.

Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы болып қызмет істегенде, ағартушылық жұмысын тыңнан ұйымдастыруына тура келді. Ағартушылық жұмысын іске асыруда талай қиыншылықтарға кездесті. Ол жылдан аса уақыттың ішінде Қараторғай болысында (Торғай уезі), Карабұтақ болысында (Ырғыз уезі), Обаған және Жетіқара болыстарында (Қостанай уезі), Берте болысында небәрі бес болыстық мектептер ашып үлгерді. Осы кезде ол Қостанай және Ақтебе қалаларында орыс балаларына арнап екі мектеп ашты. Бұл мектептер ашылғанда Ыбырай Алтынсарин ішінде езі болып, бірінші үлгілі сабақты оқушыларға өзі береді.

Ыбырай Алтынсарин уездік қалаларда 4 орталық орыс-қазақ училищелерін, бір қоленері училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады. Ол ағартушылық қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу, мұғалімдердің беделін кетеру, релін арттыру мәселелері үлкен орын алады. Ол мұғалімдер оқушыларын ез балаларындай керулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деген болатын.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің рөлін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, кебінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат керемін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы – деп жазды. Ыбырай Алтынсарин, – тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» деген.

Ұлы ағартушы орыс-қазақ мектептеріне тек орыс тілін ғана оқыйтын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын ескертіп, ол мектептерден оқушыларды, тазалыққа дағдыланатын, әрнәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығару керектігін айтқан болатын.

Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Оның бұл педагогикалық қағидалары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин әрі ақын, әрі қара сөздің ұстасы, қазақтың әдеби тілінің негізін салған артына ғылыми мұра қалдырған тұлғалардың бірі. Алтынсариннің көркем әдеби шығармалары оның «Қазақ хрестоматиясында» Орынбор 1878 жылы 1 кітабында басылып шықты. Бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, сол кездегі бала тәрбиесіне арналған көркем шығарма, озат ой-пікір ұлт қазынасы болды. [3.2]

Алтынсарин көркем шығармаларын жұртшылыққа түсінікті тілде жазды. Оның шығармаларында халықтың көркем сөздіктері қорығылып, біркелкі қалыңқа түсірілді.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағнасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік ролі ерекше болғандығы күмән тудырмайды.

Қазақ балаларын оқып білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері арқылы жеткізді. Ыбырай Алтынсарин өзінің белгілі шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» (Орынбор, 1879 жыл) «Сөзбасы» деген атпен бастырды. Демек, бұл өлеңінде қазақ жастарын автор оқып білім алуға үгіттеді, өткір тілмен, майда сөзбен үндеу ретінде жазды. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» сол «Қазақ хрестоматиясының» ішінде «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаты» бөлімінде басылған өлеңінде балаларға оқудың маңызын ұғындырды. [4.3]

«Шеше мен бала» деген Ы. Алтынсариннің өлеңінің бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор. Бұл өлеңдері жасөспірім балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М.Ю. Лермонтов, Некрасов т.б) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім. Мәселен, «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Аразбол, кедей болсаң ұрлықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің кожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері жастарға айтқан өсиеті. Бұл өлеңін Ы. Алтынсарин «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп бастағанда, ол қазақ жастарының ынтымақшыл бірлікте болуға шақырғандығын көреміз. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасының негізінде ұлттық тәрбие діндегі ата-бабалардың рухани

мұраларының сабақтастығын сақтаудағы тәрбиенің бір жолы қазақтың халық әдебиеті арқылы дамытуды көздегендігі сезіледі.

Жалпы Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері 1876-1879-жылдар арасында жазылып, бірінші рет «Қазақ хрестоматиясында» басылып шыққан болатын-ды. Бұл әңгімелердің кейбіреулері орыс жазушылары мен орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бір уыс мақта», «Аурудан аянған күштірек», «Алтын шеттеулік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқалары сол кездегі орыс педагогтерінің (Ушинский, Толстой, Паульсон, Крылов) шығармалары үлгісінде жазылған. Ал, олардың ішінде бірнешеулерінің мағынасы негізінде орыс педагогтерінің шығармаларына ұқсас келеді. Осы әңгімелер бір стильде дидактикалық мақсатта жазылған. Бұл жөнінде «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғы сөзінде және әркімдерге жазылған хаттарында автордың өзі де ескертеді. Сөз құрылысы жатық, көпшілікке түсінікті, қазақтың сұлу жалпақ тілімен көңілге қонатындай етіп, оқушы балаларға тәлім-тәрбие беруге арналған.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл пәп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаппаршылық» т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зиректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа шығармаларынан көруге болады.

Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, т.б. халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеуіне, Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмыспен айналысу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін сездірсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әнін», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде, автор сол кезде қазақ жастарына, тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көреміз.

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұралары мен тәрбиелік маңызы оқушы бойына үнемі насихаттауымыз керек. Себебі, Ұлы ағартушының әдеби шығармаларындағы тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Жұмысымды Ыбырай Алтынсариннің: «Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ», – деген ұлағатты сөзімен аяқтауды жөн көрдім.

UZDİKUSTAZ



*МАМЕКОВА САФИНА АХМЕТОВНА
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ЕНБЕКНИКАЗАХСКИЙ РАЙОН, ГОРОД ЕСИК
КТУ «СШ ИМ. РАЙЫМБЕК БАТЫРА»
УЧИТЕЛЬ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА*

Содержание/Мазмұны

<p>Бас редакторы: Даукенова Айдана Даукенқызы</p> <p>Редакция алқасы: Жангабаева Анар Султанбайқызы</p> <p>Редакция мекен-жайы: Алматы қаласы Алмалы ауданы Абылай хан 105 Жазушылар одағы</p> <p>Редакция телефоны: e-mail: Uzdik_ustaz@mail.ru Куәлік</p> <p>Журнал Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті № KZ08VPY00031313- Ж куәлігі берілді. Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады.</p> <p>Теруге 05.02.2024ж берілді Басуға 05.02.2024ж қол қойылды Таралымы 1000 дана</p> <p>Журнал UZDIK USTAZ</p> <p>баспаханасында басылды</p>	<p><i>Мустафанов Қ.С.</i> «Жаңартылған бағдарлама бойынша әдіс-тәсілдерді тарих сабағында қолдану».....2</p> <p><i>Косбаева Г. Б.</i> Биология сабағында жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мәселелері.....5</p> <p><i>Акимбаева С.К.</i> Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігі.....7</p> <p><i>Ақылбай Ш. И.</i> Жаңа технологияларды пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.....9</p> <p><i>Жекебазарова Н.М.</i> «Мектепалды даярлық сыныптарында балалардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру».....11</p> <p><i>Жумадилова А.Ж.</i> Бастауыш сынып оқушыларын жобалық -зерттеу қызметіне баулу.....14</p> <p><i>Исимбекова Л. Д.</i> Бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу пәнінен оқытудың тиімді тәсілдерін қолдану үрдісі.....16</p> <p><i>Сыдықжанова Ж.М.</i> Жиындарды құру және жіктеу € және € таңбалары.....18</p> <p><i>Абенова А. А.</i> Биология пәнін оқытудағы белсенді оқыту тәсілдердің тиімділігі..20</p> <p><i>Нурмагамбетова М. К.</i> Роль инновационных технологий в обучении русскому языку и литературе.....22</p> <p><i>Искендинова Г.Ш.</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында акт технологиясын пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдері27</p> <p><i>Еркабаева А.К.</i> Бастауыш мектепте оқушылардың сыни ойлау қабілетін парламенттік пікірсайыс компоненттері арқылы дамыту.....28</p> <p><i>Дүйсенова А.Т.</i> Физика ғылымын дамытуда функционалдық сауаттылық негіздерін, ғылыми-әдістемелік тұрғыда дамыту.....31</p> <p><i>Нурымбетова О. А.</i> Дене шынықтыру пәнін оқытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдері.....35</p>
--	---

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА АКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ



*Шымкент қаласы
№31 Терешикова атындағы жалпы орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Искендірова Гульжамила Шайзиндаевна*

Қазіргі таңда жеткіншек ұрпақ - мектеп оқушыларына білім беруге ерекше көңіл бөлініп келетіні белгілі. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға - әрбір ұстаз міндетті.

Кез - келген пәнді оқытуда ұстаздарға қойылатын басты талап - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ пайдалану жолдары және тиімділігі.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

• Ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;

• Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;

• Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;

• Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

• Ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

Интерактивті тақта;

Мультимедия;

Интернет кеңістігі;

Электронды оқулық.

Интерактивті тақтаны пайдалану.

«Ауызша айтсаң – тез ұмыттым,

Көрсетсең – есте сақтаймын,

Іске кіріссең – үйренем.» деген екен қытай даналығында. Ендеше оқушылар игербелсенді тақтаға назар аударып отырып, өтіліп отырған сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады.

Интерактивті тақта — топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушы жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол

сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылармен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды.

Инновациялық білім беру - білім сапасын жақсартудың негізгі тетігі. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар үстемдік құрған дәуірде таптырмас көмекші міндетін атқара алатын ақпараттың жаңа түрлерін ойлап табу қажеттігі туындап отыр. Ол – галамтор.

Галамторды пайдаланудың ең тиімді түсі - бұл оқушының қызығушылығын оята отырып, білім алуға ықыласын арттыру болып табылады. Шын мәнісінде галамторды пайдалану – ақпарат құралы. Онда мультимедиялы, яғни бейнеақпараттар біріктірілген. Қазіргі кезде әрбір Қазақстандық галамтор желісін тиімді пайдалануда. Өзім сабақта мүмкіндігімше сабақта АКТ –ны қолданамын. Әсіресе оқушының білімін шыңдауға bilimland.kz, aiimecten.kz, сынды білім беруші сайттардың маңызы ерекше. Мен осы мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып қызмет істегеніме көп уақыттың жүзі болмағанмен, аз уақыт ішінде шәкірттерімнің білімнің биік шыңдарын бағындыруына өз үлесімді АКТ - ны қолдануыммен көрінсе деймін. Сондықтан, АКТ - ны өз тәжірибемде тиімді пайдаланып келемін. Мәселен: 4 – сыныпта қазақ тілінен «Қазақстан –Тәуелсіз мемлекет» тақырыбын өткенде оқушыларға сабақтың мақсатына сай оқулықтағы материалдан басқа интернеттегі білім ресурстарынан қосымша тапсырмалар, жаттығулар беруге болады. Өткізген сабағымда АКТ - ны төмендегідей пайдаландым.



«Мен үшін жақсы оқытушы барлық нәрседен артық, себебі оқытушы – мектептің жүрегі».

Ы. Алтынсарин

A composite image featuring a blue and white globe of the Earth. A white computer mouse is positioned on the left side of the globe, and a white computer keyboard is visible at the bottom. The background is a soft-focus image of a modern building with a glass facade under a blue sky with white clouds.

ПЕДАГОГ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

**Республикалық ғылыми-әдістемелік,
педагогикалық журнал**

**№8, (№49) 2022
Мамыр - Маусым**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІ МЕН
ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

«АСЫЛ МҰРА» РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Бас редакторы - Жапбаров А., п.ғ.д., профессор

Бас редактордың орынбасарлары, редакторлар:
Мұсақұлов Ә., ф.ғ.к., профессор, Ысқақ Б., п.ғ.к., профессор

Жауапты хатшы - Жапбарова Г.А.

Менеджерлер: Амангелді Ә.С., Жақсығай Б.

Редакция алқасы:

1. Жапбарова Г.А., п.ғ.к.
2. Бекетов Б., ф.ғ.к., доцент
3. Оразалиев С., ф.ғ.к., доцент
4. Байдыбекова Е., п.ғ.к., доцент
5. Құдайбергенова М., п.ғ.к.
6. Әділбекова Ж., ф.ғ.к., доцент
7. Тұрмаханова С., п.ғ.к., доцент
8. Бибатыр Ү., мұғалім
9. Жапбарова М., мұғалім

Кеңесшілер алқасы:

1. Аяшов О., п.ғ.д., профессор
2. Сәтбекова А.А., п.ғ.д., профессор
3. Сманов Б., п.ғ.д., профессор
4. Рахымбек Д., п.ғ.д., академик
5. Хасанов Б., ф.ғ.д., профессор
6. Жұмабаева Ә., п.ғ.д., профессор
7. Сағындықов Б., ф.ғ.д., профессор
8. Тәнірбергенов Г., п.ғ.д., профессор
9. Тілеубердиев Б., ф.ғ.д., профессор

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі, Ақпарат және Мұрағат министрлігінде 2013 ж. 1 наурызда тіркелген. №1340-Ж куәлігі берілген.

Жазылу индексі: 7460074

Қолжазбалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияның мекен-жайы: 160012, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Бабыр көшесі №80 үй. Телефон: факс 8-(7252)-21-40-01 45-90-55, Бас редактор: 87013180064, E-mail: azharbarov@mail.ru. Хатшы: 87074729415.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ



*Бекжанова Бубипатима Абдакимовна,
«Терешкова» атындағы №31
жалпы орта білім беретін мектебінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі*

Бүгінгі даму, рухани, саналы, сапалық өріс Абай ойымен ұштасып тұр. Осы даналық ой ұлтымызды жаңылдырмай, өмір сынынан мүдірмей өткізіп келе жатыр. Осы тұста Президент мақаласы Абай мұрасын түсінуге жол ашады.

Егемендігін жариялаған күннен бастап Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Абай Құнанбайұлы мұраларына мемлекеттік саясат тұрғысынан қарауға жаңа бағыт жасап берді. Бұған ұлы Абайдың 150 жылдық торқалы тойын әлемдік деңгейде, ЮНЕСКО шеңберінде өткізгенін айтсақ та жеткілікті. Сол бағыт-бағдарды ел Президенті Қ.К.Тоқаев жалғастырып әкетті.

Ғалым ретінде Президент Қ.К.Тоқаевтың Абай ұлылығын, кемеңгерлігін, даналығын, кемелділігін тану үшін данагөй бабамыздың мұрасына ғылыми тұрғыда қарау керектігі жөніндегі сындарлы ойын ерекше қабыл алдым. Абай бабамыздың ғылым-білімге деген көзқарасын тану үшін Абайдың ғылыми ойларын қайта жүрек елегінен өткіздім.

Президент Қ.К.Тоқаев: «Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді» деп жазады.

Иә, осы жолдарды оқыған соң Абай мұраттарын түсінесіз. Хакім Абай ұлт болу үшін ең әуелі ғылым дамуы керек деп біледі. Сондықтан да жаңа, жас ұрпақ ғылымының қажеттігін бүгінгі күннің даму процестерінен ғана емес, ұлы ойшыл бабамыздың ғылымның қадірі мен қасиеті туралы тұжырымдарынан табады.

Абай баба ғылымның міндеттерін жіктейді, саралайды, атап көрсетеді:

– Әуелі білмек керек;
– Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену керек;
– Әрбір хақиқатқа тырысып ыждаһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!

– Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу (ойласу, пікір алмасу), екіншісі – берік мұхафаза қылу (сақтау, қорғау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатында болу керек. ... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

– ... уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (абайлау) жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші